

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қазандағы N 1075 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 ақпан N 150

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі іс-шараларының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қазандағы N 1075 Р981075_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 37, 339-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің

1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі іс-шараларының жоспарындағы 4-бағанда:

17-реттік нөмірде "1998" деген сан "1999" деген санмен ауыстырылсын;

18-реттік нөмірде "1998 жылдың желтоқсаны" деген сөздер "1999 жылдың сәуірі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекеова А.